

Қазақстан Республикасының
Ұлттық академиялық кітапханасы

Мерзімді
басылымдар залы

№03 (1070)

22 қаңтар,
бейсенбі

2015 ЖЫЛ

Газет 1994 жылғы қаңтардың 28-інен шыға бастады



ТҮРКІСТАН

Біздің электронды пошта: turkestan_gazeta@mail.ru

Біздің сайт: www.turkystan.kz

Халықаралық саяси апталық

XX ғасырдың басында қазақтың саяси сахнасына шыққан Алаш қозғалысы өзінің саяси басшылары, қозғалушы күші мен алдына қойған мақсаты және қамтыған мәселелер аумағы жағынан бұрын-соңды қазақ даласында болған қозғалыстардың ең маңыздысы әрі жоғары деңгейде ұйымдасқаны-тұғын. Оның басты артықшылығы саяси демократиялық партия мен ұлттық дербес мемлекет құру деңгейіне дейін көтерілгендігінде болатын.

Алаш қозғалысы оның саяси басшыларының ойлап тапқаны емес еді. Ол – патшалық Ресейдің отарлық саясатының езгісіне, соның салдарынан туындаған қоғамдағы өктемдік пен әділетсіздікке қарсы шыққан қазақ халқының ұйымдасқан түрдегі іс-әрекеті, ұлттық санасының оянуының әлеуметтік көрінісі-тұғын.

Бұл ұлт-азаттық қозғалыстың басы-қасында ұлттымыздың Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Шоқай, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, Х.Досмұхамедов сияқты алдыңғы қатарлы шынайы қазақ зиялылары болды. Олар Ресейдің Санкт-Петербург, Мәскеу сияқты орталық қалаларында оқыған, өз заманына сәйкес жоғарғы білім алған, озық ойлы қайраткерлер еді. Олар өздерінің білім деңгейі мен саяси белсенділігі, ұлтшылдық қуаты мен халықшыл қасиеті, рухани парасаттылығы мен азаматтық пайымдылығы жағынан Қазақстандағы кеңес өкіметін құрушылардан әлдеқайда алда болды.

Алаш зиялылары қазақ елінің сан ғасырлық даму ерекшелігін, салт-дәстүрін және ұлттық болмысын ескере, жетілдіре, басқа өркениетті елдердің өмір тәжірибесімен байыта түсуді ұсынды. Бұл жол бұқара халық үшін большевиктер ұстанымынан анағұрлым қасиеті мен азабы кем, тиімділігі мен пайдасы мол болатын. Ең негізгісі, олар осы арқылы қазақ елін өзін-өзі басқаруға мүмкіндік жасайтын тәуелсіздік тұғырын таңдады. Алайда Алаш қозғалысының түпкі мақсаты логикалық шегіне жетпеді. Кеңестік тоталитарлық жүйе Алаш арыстарының азаттықты аңсаған идеяларына жан-жақты қысым жасап, олардың өздерін әр түрлі қуғын-сүргінге ұшыратты, ақыры 1918 жылы Түркістан үкіметін қанға бояп, 1920 жылы Алашорда мекемелерін күшпен таратып тынды. Кейін оның жетекшілері түгел дерлік айдалды, атылды.

Сөйтіп, ата-бабаларымыз талай ғасыр армандаған бостандық пен тәуелсіздік елімізге 1990 жылдары ғана қайта оралды. Осыдан 80 жылдан астам уақыт бұрын айтылған «Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт азаттығымызды аламыз» деген көреген саясаткер М.Шоқайдың сенім шындыққа айналды. Кезінде азаттықты өбден аңсаған көңіл күймен Ақпан революциясын жаңа жолға бастайды деп алданған Алаш жетекшілері Әлихан, Мұстафа, Міржақып «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 225 санында «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше күл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяулай арман қалған жоқ» деген еді. Шынына келгенде, мұндай күн енді тұды.

Азат елдің алғашқы қадамдарынан-ақ кешегі кеңестік кезде тыйым салынған аяулы да асыл есімдер өзінің туған халқына қайта оралып, олардың өлмес мұралары бірте-бірте жұртшылық игілігіне айнала бастады. Қазір бұларды зерттеудің өзі әр түрлі өз алдына сала болып қалыптаса бастағанын айта кеткен жөн. Бір ғана мысал, бүгінгі күнге дейін Алматыдағы Ұлттық кітапханада М.Шоқайға қатысты библиографиялық тізім 1162 әдебиетті құрайды. Мұның Алаш ардақтыларының өмірі мен қызметіне, олардың мол мұрасына қызығушылықты айқын танытатын фактор екені даусыз.

Алаш арыстарының көзқарастары мен ұстанымдары – қазақ даласындағы арысы әл-Фараби, берісі Шоқан, Ыбырай, Абай бастаған ағартушы ғұламалардың ой-тұжырымдарының қазақ қоғам дамуының жаңа дәуіріндегі заңды жалғасы, қазіргімізге көпір, келешекке қызмет ететін мол мұра. Кезінде бостандық пен тәуелсіздікті жалпы адамзат баласының табиғи атрибуты деп түсінген Шоқан Уәлихановтың: «Халықтың қалыпты түрде өсуі үшін ол дамудың қандай деңгейінде тұрса да: өзіндік дамуы, өзін-өзі қорғауы, өзін-өзі басқаруы және өзіндік соты болуы қажет» деп айтқаны өзінен кейінгілерге жол ашып беріп еді.

Алаш жетекшілерінің асыл армандары, әлеуметтік, саяси-құқықтық тұжырымды ой-пікірлері «Алаш» саяси-демократиялық партиясының бағдарламасынан әдемі көрініс тапқан. Онда қазақ халқы дербес даму мен прогресс жолына бастайтын мемлекеттік-құқықтық идеялар, өзін-өзі басқаратын мемлекеттік жүйені құру, әлемдік озық тәжірибеге сүйене отырып, жаңа өмір сұранысына жауап беретіндей қазақ қоғамын демократиялық мұраттар бағытында өзгерту, т.б. сол кездегі өзекті мәселелер жан-жақты жинақталған, тұжырымдалған еді. Мұндай құжаттың авторларының сол кездегі адамзат тарихы мен мәдениетінің қол жеткен мұраларынан толық хабардар болғандары, тіпті бүгінгі заман билігінен қарағанда өзінде-ақ айқын аңғарылады.

Алаш қозғалысы жетекшілерінің ішінде тұңғыш ұлттық «Алашорда» Үкіметінің басшысы Әлихан Бөкейханның орны бөлек. Ол өз заманының өзекті де өткір сұрақтарына жауап беріп, ұлтының тағдыры тығырыққа тірелгенде, содан шығар жолды сілтегі алды. Ғұлама ғалым патша өкіметі құлап, Ақпан революциясы жеңгеннен кейін-ақ: «Біздің ұранымыз – демократиялық республика» деп ашық айтып, парламенттік демократияны дамытудың үлкен нәтиже беретініне сеніммен қарады. Ол қазақтың

Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдарының докторы, профессор

АЛАШ МҰРАСЫ — РУХАНИ АСЫЛ ҚАЗЫНАМЫЗ

Арыстарымыз оқу мәселесін ұлт тағдырынан бөле қарамаған



ұлттық ерекшеліктерін сақтай және сана-сезімін оята отырып, Ресей мен Еуропаның озық мәдениетіне жеткізу, қазақ қоғамын ортағасырлық әлеуметтік-экономикалық мешеуліктен алып шығатын батыстың буржуазиялық қатынас жолын қолдады.

Әлихан Бөкейхан Еуропада ғылым, өнер толық, қазақта олардың жұрнағы да жоқ деп, өз еліне Еуропаны үлгі тұтты. Қазаққа өнер-білімнің басқа жұртпен бірге теңдікке жету үшін қажет екендігін жақсы білді. Ол өзінің «Рухани мәдениет қарауылынан» деген мақаласында: «Рухани мәдениеттің бір белгісі – жұрт баласына жалпы оқу, газета, кітап оқып, ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп, адам баласына жақсылық жол ашу», – деп жазды. Бұл мәселелерді қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық және техникалық дамумен тығыз байланыста қарады.

Данышпан Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, қазақтың «оқыған азаматтарының тұңғыш көсемі», өзі өмір сүрген қоғамның көкейкесті әлеуметтік-саяси мәселелерін биік деңгейде қозғап, адамды рухани қалыптастырудағы оқу-білімнің құдіретін терең түсінген ұлы ағартушы-реформатор Ахмет Байтұрсынұлының мұрасының бүгінгі білім-ғылым жүйесін түсіну мүмкін емес.

А.Байтұрсынұлы Батыс мәдениетінен алшақ, білім-ғылымнан кенже қалған, күнделікті малын бағып, етінің ескеннен басқа тірлігі шамалы, бейқам, жым-жырт жатқан қазақ халқын оятуды мақсат етті. Ол алға басып, жұрт қатарына кіру, басқадан кем болмаудың басты амалы білім мен ғылым деп білді. 1914 жылы жарық көрген «Бастауыш мектеп» атты мақаласында бастауыш мектептің 5 жылдық болуын, оның алғашқы үш жылында бірыңғай қазақша, қалған екі жылында орысша оқытуды ұсынды. Бұл отаршылдық заманның зардаптары жалпы қазақ халқының ұлттық иммунитетін әлі елеулі әсірете қоймаған кезең еді. Ал патшалық Ресейдің саяси жалғасы іспеттес болған кеңестік кезең ұлттымызды рухани жағынан өбден кедейлендіріп, тәуелсіздікке қолымыз әрең жеткенде орыс және ағылшын тілдерін бірінші сыныптан оқытып, балабақшадан ағылшын тілін үйренуді ұсынуды түсіну, жұқалап айтқанда, қиындау, қаттырақ айтқанда мемлекеттік мәртебеге ие болғанына ширек ғасырдан асқан, алайда қолданыс аясы тарыла түспесе, елеулі кеңі қоймаған тілінің тамырына балта шапқанмен бірлің.

Реті келгенде айта кетейін, бүгінгі әлемдегі кейбір елдердің тәжірибесі мынандай. Қытайда ағылшын тілі үшінші сыныптан бастап оқытылады. Ал оның көршісі Жапонияда ағылшын тілі бірінші сыныпта атпасына бір-ақ сағат, ал негізінен бесінші сыныпта атпасына екі сағат қана оқытылады. Солтүстік көршісі Ресейліктер ағылшын тілін екінші сыныптан оқиды. Бұларда үшінші тіл жоқ. Балабақшадан бастап үшінші тіл оқытатын елді әзір естігенім жоқ. Естігендер болса, айтар. Соңғы жылдары 12 жылдық мектепті қалай ұйымдастырамыз деп



бәйге береді» деген болатын. Автор ғылым, өнерімен асқандар білімсіздер мен өнерсіздерді білімімен жығатынын, сондықтан өзінде ғылым, өнер және кәсіп жоқ жұрттың өзге ғылымды, өнерлі, кәсіпшіл жұртқа малайлыққа жалданғандықтан басқа қолынан келері жоқтығын ашып айтады.

Алаш алыптарының арасында Мұстафа Шоқайдың орны бөлек, тағдыры ерекше. Ол өмірінің соңғы 20-жылдан астамын жат жерде өткізді. Бірақ 1941 жылдың аяғында көзі жұмылғанша сонау Ташкент гимназиясында оқып жүргеннен таңдап алған туған халқының асыл арманы мен биік мұраты – саяси егемендегі мен рухани бостандығы, Түркістан

си қайраткерлерді оның ұрандарына қарап емес, іс-қимылдарына қарап бағалаймыз», – делі.

Мұстафа Шоқайдың ұлт зиялысы туралы өз ой-пікірлері де айрықша қызықты. Ол өзінің «Ұлттық зиялы» деген мақаласында: «Ұлт зиялысы деп кімдерді айтамыз. Бір қарағанда жеңіл көрінгенімен, шын мәнісінде бұл сұрауға дұрыс жауап қайыру оңай емес. Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін зиялы деп атап, оны өз ұлтының зиялысы қатарына қосуға болады деп ойласақ қателесеміз. Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттар төңірегінде жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп атауға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады», – деп жазды. Осы ойын ары қарай жалғастыра келіп, Шоқай зиялылар қауымының азаматтық міндеті – халықтың ұлттық деңгейін көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіру, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізу деп атап көрсетеді.

Мұстафа Шоқайдың батысша тәрбиеленген зиялыларымызға қатысты ойлары бүгінгі күні аса маңызды. Оның ойынша, мұндай зиялылардың аяншыты жері олар рухани жақтан өз халқына өгей болып қалады, халқына пәлендей бір ұлттық тәрбие беріп жарытпайды және халық та олардан пәлендей бір ұлттық тәлім алып жарымайды. Ащы да болса, Мұстафа Шоқай өзі әр кез биік қойған ұлт мүддесі үшін осындай тұжырымға барған.

Алаш мұрасы – мол қазына. Біз кейбір мәселелеріне ғана тоқтай алдық. Ал оны игеру, Тәуелсіздік мұраттарына қызмет еткізу өзгеше мәселе әрі аса маңызды міндет.

Біздер қазір өз еліміздің несі болып, тәуелсіздіктің үшінші он жылдығында өмір сүрсек те Алаш мұрасының темірқазығындай «Тәуелсіздік» ұғымының маңызына тереңдеп бара алмай, азат санамыз бен ұлттық рухты жеткілікті қалыптастыра алмай отырмыз. Тіпті бүгінгі күні «тәуелсіздік» деген сөзді сан-саққа жүгіртіп, абсолютті тәуелсіздік жоқ деп ақыл айтушылар да табылып жатыр. Иманды қазақ халқы мұндай тәуелсіздіктің жоқ екенін де, болмайтынын да әлімсақтан біледі. Әлемде жаратушы заңдылықтың барлығын, адамзат қауымдастығында бірге тұрып, олардың бірі-бірімен байланыспай, қарым-қатынас жасамай тұра алмайтыны, тіпті біріне-бірінің тәуелді де болуының мүмкін екенін дана қазағым ертеден білген, мұны күнделікті өмірде ескеріп те отырған. Өңгіме осы тұрғыда тәуелсіз сана мен ұлттық рухтың аса қажеттігінде болып отыр. Осы орайда Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді», – деген сөзін айта кетсек, артық болмас. Шынында да, ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие етумен бірге өз ұлттыңды шынайы тануға, өз халқының алдындағы өз борышының жоғары сезіне түсуге көмектеседі. Сондай-ақ бүгін жанарған, жаңа ел құрып жатқанда Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ» деген үні ерекше естіледі.

Қазіргі қоғамымыздың рухани дүниесіндегі көптеген кемшіліктер осы Алаш ардақтыларының асыл идеялары мен ой-тұжырымдарына жеткілікті көңіл бөлмеуден болып отыр. Оларды тәуелсіз елдің іргелі идеялары айқындалған Елбасымыздың еңбектерімен ұштастыра насихаттау кең өріс алуы қажет. Бүгінгі оқу орындары жүйесінде, әсіресе жоғары оқу орындарына арналған «Саясаттану» және «Әлеуметтану» атты оқулықтардың өзінде Алаш ойшылдарының әлеуметтік-саяси, тарихи-құқықтық ой-пікірлеріне тиісті орын берілмей келеді. Ал «Стандық әлеуметтану тарихы» атты курста тіпті олардың аттары да аталмайды. Сондай-ақ «Қазақстан тарихының» 4-томындағы «1917 жылғы екі революция кезеңіндегі Қазақстан» атты бірінші тараудағы «Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы және Алаш қозғалысы. Бірінші қазақ съезі және оның шешімдері» атты бөлімнің және Алаш жетекшілеріне қатысты басқа да материалдардағы саяси саралаулар мен идеялардың жұғандығы байқалады.

Шындап келгенде, Алаш мұрасын игеру қазір аса қажет болып отыр. Өйткені ол – біздің тарихымыз, өткен шындығымыз, бүгін де рухани нәр алатын асыл қазынамыз. Кешегі отарлық және кеңестік саясатты, оның зардаптары Алаш жетекшілерінің еңбектеріне сүйене отырып, батыл да шынайы көрсету – ұлттық тарихи сананы қалыптастыруда таптырмайтын аса қажетті фактор. Бір ғана мысалға жүгіне кетейік. Тәуелсіздіктің 20 жылынан асқақ та, осыдан ширек ғасыр бұрын мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тіліне түбірлі мойын бұра алмай, орыс тіліне жабысып, тістесіп, құлдық санадан әлі арылмай отыруымызды басқана түсіндіру қиын.

Алаш ардақтыларының асыл мұралары бүгінгі тәуелсіздігіміздің құдіреті қуны мен мазмұнын тереңірек түсінуге көмектесіп, алдымыздағы мақсаттың салмағын саралтауға, көтерер жүгіміздің жауапкершілігін тануға игі ықпал етеді. Сондықтан да баға жетпес рухани байлығымызды оқу-білім жүйесінің барлық құрылымдарында оқытуды қолға алған жөн. Бұл – ұлы арыстар алдындағы қарызымыз бен парызымыз, алға жылжуымыздың бірден-бір кепілі.